«ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ӨНЕРКӘСІП ЖӘНЕ ҚҰРЫЛЫС МИНИСТРЛІГІ» МЕМЛЕКЕТТІК МЕКЕМЕСІ

ГОСУДАРСТВЕННОЕ УЧРЕЖДЕНИЕ «МИНИСТЕРСТВО ПРОМЫШЛЕННОСТИ И СТРОИТЕЛЬСТВА РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН»

БҰЙРЫҚ

ПРИКАЗ

Астана қаласы

№

город Астана

№ 372 от 17.09.2025

Апелляциялық комиссияның құрамы мен ережесін бекіту туралы

«Өнеркәсіптік саясат туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 51-5-бабының 2-тармағына сәйкес **БҰЙЫРАМЫН:**

1. Осы бұйрыққа 1-қосымшаға сәйкес құрамда Апелляциялық комиссия құрылсын.

2. Осы бұйрыққа 2-қосымшаға сәйкес Апелляциялық комиссия туралы ереже бекітілсін.

3. Қазақстан Республикасы Өнеркәсіп және құрылыс министрлігінің Өнеркәсіптік саясат департаменті заңнамада бекітілген тәртіппен осы бұйрықты Қазақстан Республикасы Өнеркәсіп және құрылыс министрлігінің интернет-ресурсында орналастыруды қамтамасыз етсін.

4. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау жетекшілік ететін Қазақстан Республикасының Өнеркәсіп және құрылыс вице-министріне жүктелсін.

5. Осы бұйрық қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Министр **Е. Нағаспаев**

Қазақстан Республикасы
Өнеркәсіп және құрылыс
министрінің
2025 жылғы «17» қыркүйектегі
№ 372 бұйрығына
1-қосымша

Апелляциялық комиссияның құрамы

Қазақстан Республикасы Өнеркәсіп және құрылыс министрлігінің Өнеркәсіптік саясат департаментінің директоры, Апелляциялық комиссияның төрағасы;

Қазақстан Республикасы Өнеркәсіп және құрылыс министрлігінің Өнеркәсіп комитеті төрағасының химия өнеркәсібі, энергия үнемдеу және энергия тиімділігін арттыру, қара металлургия, түсті және сирек кездесетін металл салаларына жетекшілік ететін орынбасары, Апелляциялық комиссия төрағасының орынбасары;

Қазақстан Республикасы Өнеркәсіп және құрылыс министрлігі Өнеркәсіптік саясат департаментінің Өңдеу өнеркәсібін дамыту басқармасының бас сарапшысы, Апелляциялық комиссияның хатшысы;

Қазақстан Республикасы Өнеркәсіп және құрылыс министрлігінің Өнеркәсіп комитеті төрағасының экспорттық бақылау және лицензиялау, электротехникалық және ауыр машина жасау, автокөлік өнеркәсібі және ауыр шаруашылығы техникасы салаларына жетекшілік ететін орынбасары;

Қазақстан Республикасы Өнеркәсіп және құрылыс министрлігінің Өнеркәсіп комитеті төрағасының қайта өңдеу өнеркәсібі, жеңіл өнеркәсіп, құрылыс индустриясы және ағаш өңдеу өнеркәсібі салаларына жетекшілік ететін орынбасары;

Қазақстан Республикасы Өнеркәсіп және құрылыс министрлігінің Заң департаменті директорының орынбасары;

Қазақстан Республикасы Өнеркәсіп және құрылыс министрлігі Өнеркәсіптік саясат департаментінің Өңдеу өнеркәсібін дамыту басқармасының басшысы;

«Атамекен» Қазақстан Республикасы Ұлттық кәсіпкерлер палатасының тиісті саласы бойынша өкілі (келісім бойынша).

Қазақстан Республикасы
Өнеркәсіп және құрылыс
министрінің
2025 жылғы «17» қыркүйектегі
№ 372 бұйрығына
2-қосымша

Апелляциялық комиссия туралы ереже

1-тарау. Жалпы ережелер

1. Апелляциялық комиссия (бұдан әрі - Комиссия) өз қызметінде Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасын, сондай-ақ осы Ережені басшылыққа алады.

2. Комиссия қызметінің мақсаты цифрлық верификация арқылы мониторинг нәтижелері бойынша тізілімнен шығару жөніндегі қазақстандық тауар өндірушілердің қарсылықтарын, шағымдарын (бұдан әрі – қарсылықтар, шағымдар) олардың құқықтары мен заңды мүдделерін қорғау үшін әділ, объективті және ашықтықты қамтамасыз ету болып табылады.

3. Уәкілетті органның құрылымдық бөлімшесі Комиссияның жұмыс органы (бұдан әрі – жұмыс органы) болып табылады.

4. Комиссия отырыстары қарсылықтар, шағымдардың түсуіне қарай, бірақ тоқсанына кемінде бір рет өткізіледі.

2-тарау. Комиссияның міндеттері

5. Комиссияның негізгі міндеттері:

1) қарсылықтар, шағымдарды жан-жақты, толық және объективті қарау;

2) цифрлық верификациялау нәтижелерінің негізділігін тексеру болып табылады.

3-тарау. Комиссияның жұмысын ұйымдастыру және оның тәртібі

6. Комисиия уәкілетті органның жанынан құрылады.

7. Комиссия төрағадан, төрағаның орынбасарынан, Комиссия мүшелерінен тұрады.

8. Комиссия құрамы Қазақстан Республикасы Өнеркәсіп және құрылыс министрінің бұйрығымен бекітіледі.

9. Комиссия отырысына төраға, ол болмаған жағдайда – төрағаның орынбасары басшылық жасайды.

10. Комиссия төрағасы:

1) оның қызметіне басшылық жасайды;

2) комиссия отырыстарының кестесін, сондай-ақ комиссияның бетпе-бет және (немесе) онлайн отырыстарын өткізу орны мен уақытын айқындайды;

3) комиссия отырыстарын шақырады және оларға төрағалық етеді;

4) әрбір мәселені қарау кезінде комиссия мүшелерінің мүдделер қақтығысы туралы ақпаратты сұратады және мүдделер қақтығысы болған жағдайда комиссия мүшесін тиісті мәселе бойынша қараудан, талқылаудан және дауыс беруден уақытша шеттетуді қамтамасыз етеді.

11. Комиссия отырысының күн тәртібіне енгізілген мәселені қарау кезінде мүдделер қақтығысына әкеп соғуы мүмкін комиссия мүшесінің тікелей немесе жанама мүдделілігі немесе үлестестігі туындаған кезде комиссияның мүдделі (үлестес) мүшесі тиісті мәселені қарауға және талқылауға, сондай-ақ дауыс беруге қатыспайды және комиссияның басқа мүшелеріне ықпал етпейді.

12. Отырыс, егер оған Комиссия мүшелерінің жалпы санының кемінде үштен екісі қатысса, заңды болып саналады.

13. Жұмыс органы келіп түскен барлық қарсылықтар мен шағымдарды жинауды және тіркеуді жүзеге асырады және олар келіп түскен күннен бастап 10 (он) жұмыс күні ішінде Комиссияның қарауына шығарады, оның отырысы осы Ереженің 4-тармағында белгіленген мерзімде өткізіледі.

14. Комиссия берілген қарсылықтар, шағымдар бойынша шешімді қажетті құжаттарды сұрату және (немесе) тыңдау өткізу және (немесе) көшпелі комиссия өткізу арқылы қабылдайды

15. Көшпелі комиссия осындай шешімді Комиссия қабылдаған күннен бастап 10 (он) жұмыс күнінен кешіктірілмейтін мерзіміде, құрамында кемінде 2 (екі) комиссия мүшесінің қатысуымен өткізіледі.

16. Көшпелі комиссия кезеңінде қарсылықтарды, шағымдарды қарау мерзімі тоқтатылады.

17. Жұмыс органы көшпелі комиссияның шығу күні және қарсылықтарды, шағымдарды қарау мерзімінің тоқтатылғандығы туралы Комиссияның мұндай шешімді қабылдаған күннен кейінгі келесі 2 (екі) жұмыс күнінен кешіктірмей өтініш берушіні хабардар етеді.

18. Көшпелі комиссия қорытындысы бойынша көшпелі комиссияны жүзеге асырған Комиссия мүшелері қол қоятын еркін нысандағы акті жасалады.

19. Комиссия қарсылықтарды, шағымдарды қарау нәтижелері бойынша мына шешімдердің бірін шығарады:

қарсылықтарды, шағымдарды толық немесе ішінара қанағаттандыру туралы;

осындай шешімді қабылдануын негіздей отырып, қарсылықтарды, шағымдарды қанағаттандырудан бас тарту туралы.

20. Шешімдер Комиссия отырысына қатысып отырған мүшелердің жалпы санының кемінде үштен екісі көпшілік даусымен қабылданады және оған Комиссия отырысына қатысқан Комиссияның барлық мүшелерінің қолы қойылған хаттамамен рәсімделеді. Шешім қабылдау кезінде Комиссия мүшелері

тең дауыстарға ие болады және дауыстар тең болған жағдайда төраға дауыс берген шешім қабылданды деп есептеледі.

21. Комиссия хаттамасы Комиссия отырысынан кейінгі келесі 5 (бес) жұмыс күні ішінде қалыптастырылады және Комиссия отырысына қатысқан Комиссияның барлық мүшелерінің қолы қойылады.

22. Жұмыс органы «Өнеркәсіптік саясат туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 51-5-бабының 3-тармағымен белгіленген мерзімді өткізген жағдайда қарсылықты, шағымды қарауға шығарудан бас тартады.

23. Қарсылықты, шағымды қараудан бас тартылған жағдайда, Жұмыс органы өтініш берушіні осындай қарсылық, шағым түскен күннен бастап 5 (бес) жұмыс күні ішінде жазбаша нысанда хабарлайды.

24. Комиссияның шешіміне сотқа шағым жасалуы мүмкін.